

Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттама №2

Күні: 21.05.25

Қатысқандар:

1.2024-2025 жылындағы атқарылған жұмыстарды қорытындылау (мектеп директоры Д.Жолдасова)

2.Оқушыларды қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету, демеушілер қарастыру (әлеуметтік педагог Ж.Төлеген)

3.«Мектеп формасы – баршаға ортақ» (тәрбие ісі - жөніндегі орынбасары Д.Сагимбекова)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Д.Жолдасова сөз алды. Мектебімізде 2024-2025 оқу жылын 635 оқушымен бастап, 637 оқушымен аяқтадық. 1-4 сыныпта 13 сынып-281 оқушы, 5-9 сыныпта 14 сынып 248 -оқушы , 10-11 сыныпта 2 сынып 52 оқушы білім алғандығын айтты. Мектептің жетістіктері айтылды. Сонымен қатар , мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізу және оқушылардың қауіпсіздігін артыру мақсатында атқарылған іс – шараларға есеп берді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған алдын алу шаралары тұрақты түрде жүзеге асырылып, АБК жүйесін (аппараттық-бағдарламалық кешен) мектептің кіре берісіндегі турникетке асханаға, мектеп кітапханасына орнатылғанын айтты. Мектеп оқушылары мен педагогтерге қолайлы орта қалыптастыру мақсатында жана жабдықтар алу және инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанын жеткізді.

Екінші мәселе бойынша Әлеуметтік педагог Ж.Төлеген сөз алды. Мектебімізде 02.06-11.07 аралығында "Балдәурен" жазғы сауықтыру алаңы жұмыс жасап, 0-4 сынып оқушылары қатысады. Құны он күнге (15000 теңге) болатындығын айтып өтті. Биылғы оқу жылына қала сыртындағы «Жас Қанат» сауықтандыру орталығына аз қамтылған 1 оқушының ата- анасынан құны 20000 теңге тұратын жолдамаға өтініш түскенін хабарлады. Осы мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Абдирова «Жас Қанат» сауықтандыру орталығына 1 оқушының жолдамасын қамқоршылық кеңес мүшесі Чиякова А. жолдамаға қаражат беретінін айтты. _____

Ұсынылған оқушылар тізімі:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Статусы
1	Атагелді Айару	2ә	Жалғызбасты ана

Үшінші мәселе бойынша тәрбие ісі - жөніндегі орынбасары Д.Сагимбекова сөз алды. Жана оқу жылының басталуы қарсаңында мектеп формасы туралы мәселе өзектендіріледі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрыққа өзгерістер енгізуде, оған сәйкес білім басқармасы бойынша мектеп формасының бірыңғай түсін ұсына алады. Форманың үлгісі мен түсі классикалық үлгіні ұстанып, бірыңғай түстердің үйлесімді гаммасын, үш түстен артық емес және шымқай ашық түстер емес жағымды түстер таңдалып, білім алушылардың жас ерекшелігін ескере енгізіледі. Ол күнделікті киетін, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, ақ жейде, көк галстук. Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет. Қыздардың мектеп формасына: пиджак, жилет, ақ жейде, көк галстук, қара немесе көк

туфли, тізеден төмен юбка (ұзындығы тізеден төмен 5-7 см төмен түсіп тұруы тиіс) немесе классикалық үлгіде шалбар. Спорттық киімге: ұл мен қызға ортақ кара-көк түстегі спорттық

костюм, ақ футболка және спорттық аяқ- киім қажет екінін айтып өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері келісімдерін берді.

Қаулы етті:

1. 2024-2025 оқу жылының оқу- тәрбие үрдісінің есебі қанағанаттарлық деп танылсын.
2. Қала сыртындағы лагерге оқушылардың қатысуын ұйымдастыру әлеуметтік педагогке жүктелсін.
3. Жалпы білім беретін мекемелердегі мектеп формасының талаптарының орындалуы әрбір сынып жетекшісінен және ата – аналардан талап етілсін.

Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы:



Абдирова А.Т.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Тлеубекова Г. 
Такабаева А. 
Ансабай А. 
Токишева Д. 
Талапов А. 
Толесубаев М. 
Шакирова А. 
Чиякова А. 
Абылай Р. 
Ербосынова А. 

Хатшы



Сагимбекова Д.